

қалыптастыру. Түзету жұмысының негізгі жүргізілу барысы: сәлемдесу рәсімі, танысу ойындары, «ертегі әлеміне кіру», ширату жаттығулары. Екінші бөлім – негізгі бөлім. Мақсаты - балалардағы бар мәселелерді, кемшіліктерді түзету. Бұл бөлік бүкіл сабақтың негізгі семантикалық жүктемесін құрайды. Оған жаттығулар, ойындар, психогимнастика, ойын терапиясы, ертегі терапиясының элементтері, арт-терапия: изотерапия және музыкалық терапия кіреді. Үшінші бөлім – қорытынды. Негізгі мақсаты - жағымды эмоцияларды бекіту, сабақты қорытындылау. Жұмыстың негізгі жүргізілу барысы: бұлшықет релаксациясы жаттығулары; мимикалық гимнастика және соңғы қоштасу рәсімі.

Жоғарыда айтылған біз құраған түзету кешені он алты сабақтан тұрады. Арт-технологиялардың психикалық дамуы тежелген балалардың эмоционалды-ерік саласына әсері бұл әдістің тиімділігін дәлелдейді. Арт-технологиялар балалардың тек эмоционалды-ерік саласын ғана емес, сонымен қоса, коммуникативті саласын, сөйлеу қабілетін, ұсақ қол моторикасын, өзіне және өзгелерге деген көзқарасын қалыптастыру мен дамытуда оң әсер етеді.

Қорытындылай келе, арт-технология – бұл арт-терапияның әдістері мен тәсілдеріне негізделген білім беру технологиясы, бұл білім алушылардың шығармашылық қызметіне негізделген психологиялық және педагогикалық әсер ету әдістерінің жиынтығы. Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, арт-терапия соңғы уақытта психологиялық-педагогикалық түзету әдістерінің біріне айнала отырып, түзету жұмыстарында кеңінен қолданылғанын атап өткен жөн [16]. Әдебиеттерді талдау психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларымен түзету және дамыту жұмыстарында арт-технологияларды қолдану олардың эмоционалды-ерікті саласының дамуына ықпал етеді деген қорытындыға келді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский, Л. С. Учения об эмоциях. - М.: Книга по Требованию, 2019. -160 б.
2. Власова Т.А. Использование элементов арт-терапии в коррекции эмоциональной сферы дошкольников с ЗПР - М.: Актуальные проблемы психолого-педагогического образования, 2017. -343 б.
3. Павлова Н.В. Художественно-творческая деятельность детей с ограниченными возможностями здоровья как средство социокультурной интеграции. – М.: Актуальные научные исследования в современном мире. 2017. № 12-3 (32). -186-192 б.
4. Борисова И. В. Реализация процесса сопровождения детей с задержкой психического развития в процессе инклюзии в условиях дошкольного образовательного учреждения. – М.: Молодой ученый. -2015. №21. -769 - 774 б.
5. Лебединский К.С. Клиническая систематика задержки психического развития. Актуальные проблемы диагностики задержки психического развития у детей - М.: Педагогика, 2017. -316 б.
6. Жавнерко А. П. Психологическая модель исследования понимания эмоций детьми старшего дошкольного и младшего школьного возраста. -М.: Молодой ученый, 2016. №4. -685-687 б.
7. Сухарева Г.Е. Клинические лекции по психиатрии детского возраста. - М.: Рипол Классик, 2013. - 270 б.
8. Фадина, Г.В. Диагностика и коррекция задержки психического развития детей старшего дошкольного возраста, 2004. -68 б.
9. Башкирова Е. Н. Развитие детей с ОВЗ приемами арт-терапии. - М.: Психология в России и за рубежом: материалы II междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, ноябрь 2013 г.), 2013. -85-90 б.
10. Зинкевич-Евстигнеева, Т.Д. Практикум по креативной терапии. – М.: Речь, 2013. -400 б.
11. Бакеева, Л.Р. Арт-технологии: специфика применения в образовании/ Материалы XI Международной студенческой научной конференции «Студенческий научный форум». – URL: <https://scienceforum.ru/2019/article/2018011490> (дата обращения: 30.10.2022).
12. Маркман Е.В. Использование метода арт-терапии в коррекции эмоциональных нарушений дошкольников. – М.: Психология человека в образовании, 2020. №. 3. -277-287 б.

Қанат Ж., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Дене мәдениеті және спорт факультеті, БӘД- 41 топ студенті
(Ғылыми жетекші – п.ғ.м., аға оқытушы А.Ж. Кулейменов)

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ӘСКЕРИ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зерттеу мақсаты: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтары арқылы оқушыларды әскери патриоттыққа тәрбиелеу.

Зерттеу нысаны: Жалпы білім беретін мектептерде оқушылар бойында патриоттық тәрбиені қалыптастырудың маңыздылығы..

Зерттеу міндеттері: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарында оқушылар бойында патриоттық тәрбиені қалыптастырып оның мәнін ашу.

-Оқушылар бойында әскери патриоттық тәрбиені ұйымдастыру.

-Мектептерде сабақтан тыс әскери-патриоттық тәрбие беруді пайдалану.

-Жастарды Қарулы Күштер қатарына дейін әскерге деген қызығушылықтарын арттыру.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғанан бері жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу басты мәселенің бірі болып келеді. Соған байланысты жастардың бойына туған еліне, жеріне, Отанына, өзінің ана тіліне деген сүйіспеншілікті дарыту керек. Еліміз дамыған 30 елдің қатарына қосылуына және жастардың бойына патриотизмді қалыптастыру үшін, қоғамның алдында көптеген міндеттер тұр.

Біздің елімізде тұрып жатқан көптеген басқа ұлттар еңбек етіп, тату-тәтті өмір сүруде, оның басты себебі қазақ халқының өзге ұлт өкілдеріне деген бауырмалдығы болып табылады.

Сондықтан кейінгі ұрпақтың бойында жанашырлық, адамгершілік, қарапайымдылық, кеңпейілділікпен бірге қазақстандық патриотизмді сіңіруге атсалысумыз керек. Еліміздің әрбір азаматы ұлтына, дініне қарамай татулық пен ынтымақтың, бірліктің туын жоғары көтере білсе бұның өзі патриотизм болып табылады.

Жалындап өсіп келе жатқан жас ұрпақты қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу үшін, бірінші ұлттық сана қажет деп ойлаймын. Өскелең ұрпақтың бойына отаншылдық қасиеттер отбасынан, мектепте алған білімінен сіңіріледі. Қазақстандық патриотизмнің көзіне Отанды жатқызсақ, арқауына туған ел, ұлттық тіл, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жастарымыздың жасап жатқан ерлік істерін жатқызамыз.

Жастардың бойындағы ұлттық патриотизмді дамытуды қазіргі көзқараспен ұлтжандылыққа, елжандылыққа сыйғызуға болады. Мектеп оқушыларының бойындағы әскери патриоттық тәрбиенің өзі Отанына деген сүйіспеншіліктен басталуы керек.

Ұлы Отан соғысында ерлік пен қаза тапқан қазақ қыздарынан шыққан Кеңес Одағының батырлары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәмбетованның ерліктері арқылы оқушыларды әскери патриоттыққа тәрбиелеудің маңыздылығы орасан зор болып табылады.

Жалпы орта білім мектептерде әрбір сыныптағы оқушыларға өткізілетін сынып сағаттарында патриоттық тәрбиенің орны ереше болуы тиіс. Олай дейтініміз, біздің ата-бабаларымыздың өзінің елі үшін, келешек үшін кең байтақ жерімізді жаулардан қорғап қалып, біздерге жақсы өмір сүруімізге аманат етіп қалдырып кетті, сондықтан жастарымыздың жоғары білімді, тәрбиелі болуы міндетті. Келешекте елімізді басқаратын жастардың білімді, өз елінің патриоты болған жағдайда ғана біздің еліміздің экономикасы дамып, табысты елге айналамыз. [1, б. 26-34].

Мектеп оқушыларының Отанға деген сезімін оятуда патриоттық тәрбиенің алатын орны ерекше себебі, орта және жоғары сынып оқушыларын бойында өзінің еліне, халқына деген сүйіспеншілік, жеңіс мерекесі кезінде тарихи ескерткіштерге гүл шоғын қойып тағзым ету, ол әрбір жастың бойындағы патриоттық сана мен сезімнің, рухтық тәрбиенің қалыптасуы деп ойлаймын.

Жоғары сынып оқушылары Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарында саптық дайындықтың арнайы алаңдарда орындауда кездерінде бірінші әскери тәртіпке және әрбір бұрылыстарды бұлжытпай орындау, сапта өзін басқара білу, тәртіпке бағыну оны орындау, әскери қызметтің жауапкершілігін түсіну, қарауылдық қызметте сақшының міндетін атқару, қаруды жақсы меңгеру, әскери анттың мәтінін толық түсіну арқылы оқушының бойында әскери патриоттық тәрбиенің орны ерекше екенін түсіне білуінде.

Сонымен қатар, әскери патриоттыққа тәрбиелеу негізінде жарғылардың орындау, оның мағанасына толық зейін аудару, атыс қаруларын оқып үйрену, жақсы меңгеру және әскери техникалардың әрбір түрлерін жатқа білу, әрбір жастардың Отанына қызмет етуге деген сүйіспеншілігін артыруы мүмкін және солай болуға тиіс екендігін байқауға болады [2, б. 16-23].

Патриоттық тәрбиені жақсы түсінген оқушылар мен жастардың бойында өзінің туған жеріне, еліне деген махаббаты ерекше болуы керек. Өз елінің шынайы патриотты болу – ол әрбір қазақ азаматының шынайы бет пердесі деп айтуымызға тура келіп отыр, себебі басқа ұлт өкілдері бүгін біздің елде, ертең олда кетіп қалуы мүмкін, ал нағыз өз халқының азаматы ол елін, жерін қорғау үшін қашанда дайын болатындығына біздің сеніміз мол және солай болуы керек.

Қазақстан Республикасының кәмелетке толған әрбір жастардың бойында әскери бөлімде қызмет ету, Отанын қорғау, қазіргі заманғы жаңа қаруларды және соңғы үлгідегі әскери озық технологияларды меңгеру, командирлердің бұйрықтарын бұлжытпай орындау, өз елінің нағыз патриотты болу әрбір азаматтың парызы болып табылады. Әрбір жастарымыздың бойында шынайы сезім, Отанына деген сүйіспеншіліктің болуына мектептегі сынып жетекшілері немесе әрбір мұғалімнің шынайы махаббаты оқушыға деген ерекше болуы тиіс.

Өйткені оқушының бойындағы жақсы қасиеттердің қалыптасуына орта мектептегі ұстаздарының оқушымен байланысы ерекше жағдайда даму үстінде болады, себебі оқушының білім алуы, тәртіптілігі, қызығушылығы, жақсы әдеттерге жақын болуы, көп оқып білуі, жақсы заттарды үйренуі, жақсы істерді тез меңгеріп кетуі, әскери патриоттық іс-шараларға араласуы үлкен сабақ және патриотизмнің қалыптасуына мүмкіншілік береді. Ата-аналар жастарды – болашақ Отан қорғаушыларды өз міндеттерін өтеуге әскери қызметке жібергісі келмейді. Осыдан келіп, «Патриоттарды кім және қалай тәрбиелейді?» деген сұрақ туындайды, бұған біздер әскери бөлімдегі жағдайларға қарап өзімізше шешім шығарып қоямыз, осы дұрыс па, сонда Отанды кім қорғайды деген ой өздігінен туындайды, ал енді жауап кімнен болуы тиіс.

Әрине бірінші Ата-анасы, қоғам, мектеп, осылай әрқайсымыз тұжырым жасаймыз, ал сонда неге жастардан сұрамаймыз, нағыз елін қорғайтын азаматтарымызды тысқары қалдырып кетеміз. Мектептің жүрегі – мұғалім болып табылады. Бүгінгі қоғам мұғалімнен үлкен қажырлы еңбекті талап етеді. Мұғалім мамандығы басқаларға қарағанда, халықтың тағдырымен байланысты, ол жеке тұлғаны әлеуметтендіруге жауапты. Қоғам біз өмір сүріп жатқан орта, ал соған жақсы немесе жаман жағына тез бейімделіп кететін осы жастар, оларға дұрыс жол көрсету, жақсы азамат болу, отанын қорғайтын нағыз әскери патриот болу олардың міндеті және парызы.

Мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің жүйелі жүруі мұғалімге тікелей байланысты. Әр мұғалім елімізге сай азаматтарды тәрбиелеуде, олардың еңбектері ерекше айтылуы керек оқушыға, ана тілі, қазақ әдебиеті, тарихты оқыту, үйрету, санасына толық жеткізу, білімді азамат болып қалыптасуына тигізетін үлесі орасан зор екендігін айтқымыз келеді, осы жұмысты жазу негізінде әскери патриоттық тәрбиенің оқушыларға сана-сезімінің жоғары екендігін түсінуге болады.

Жалпы білім беретін орта мектептерде білім мен тәрбиенің алатын орны ерекше, өйткені мұғалім мен оқушының байланыстырып тұратын ұғым білім және тәрбие. Елімізде тұратын әр түрлі ұлт өкілдерінің балаларын қазақ елін өзінің туғанындай сыйлап, тілін құрметтеп, шын жүрегімен сүйе білуге тәрбиелеуде де мұғалімдер мен мектеп басшылығы ерекше көңіл бөлетінін байқаймыз. Міндетті түрде жастарды тәрбиелеуді, алдымен, оны белгілі елдің азаматы етіп, сол ұлттың, қоғамның талабына сәйкес тәрбиелеуге міндеттеу дұрыс болар еді.

Биылғы жылдан бастап жалпы білім беретін мектептердегі жоғары сынып оқушыларына әскери патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында, Қарулы Күштерімізге шақырылатын жастарды Отан сүйгіштіке тәрбиелеуде, әскерге қызметуге, армияның имиджін көтеру негізінде әскери бөлімге қызмет етуге, яғни Отан алдындағы борышын өтеге шақырылатын жастарға үлкен қолдау көрсетілуде және тағы да бірнеше жеңілдіктер қарастырылған болатын [3,б. 78-89].

Мектеп бітірген жастарды бірден әскери қызметке шақырылып, әскери қызметтік борышын өтеген азаматтарды, бірден Жоғары оқу орнына грантка және ақылы түрде ұлттық тестілеуді тапсырмай бірден оқу түсуге толық негізде мүмкіншілігі бар екендігін Қарулы Күштеріміздің Қорғаныс министірлігі айтқан болатын. Қарулы Күштердегі сарбаздардың әскери бөлімдегі міндеттерін жоғары деңгейде орындалуына жаңа қару мен түрлі техникаларды толық жақсы меңгеруге ынталандыру және әскери қызметтегі мерзімі аяқталғанан кейін жоғары оқу орнына түсуге командирлерден жолдама алуға үлкен ықпалын тигізеді.

2021-2022 оқу жылдарында мектеп оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу деңгейлерін анықтау мақсатында Қарағанды қаласының М.Жұмабаев атындағы гимназияда тәжірбиелік эксперимент жүзеге асырылды.

Сабақтан тыс оқушылардың патриоттыққа тәрбиелеудің деңгейлерін анықтау:

1. Әскери патриоттық тәрбиенің ерекшелігі неде.
2. Патриотизмде – білім және тәрбиенің алатын орны.
3. Қазақстандық патриотизмнің мәні неде.
4. Өз елінің патриоты болу мақтаныш па.

Топтар	Оқушы саны	Оқушы саны	Барлығы
10-11 сынып	62(43,60%)	84 (56,40%)	146
10-11 сынып	62 (48,40%)	84 (51,60%)	146
10-11 сынып	62(51,25)	84 (48,75)	146
10-11 сынып	62 (46,55%)	84 (53,45%)	146

Сурет – 1. Сауалнама қорытындысы.

Оқушылар бойында қалыптасқан әскери патриоттық тәрбиенің даму көрсеткішін анықтау мақсатымен ауызша және жазбаша сауалнамалар (сурет-1) жұмыстары жүргізілді.

Жалпы білім беретін орта мектептерде, Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінен жоғары сынып оқушыларына сабақ берілуі, соған байланысты әскери патриоттық тәрбиенің оқушыларға тереңдетіп оқыту, өз елінің патриоты болғанын мақтаныш пен айту, білу, жеткізу, сезіну, ерекше ұғым болып табылады. Жас ұрпақты дұрыс тәрбиелемей, патриоттық сезімдерін қалыптастырмай, еліміздің мәдениеті мен тарихын дәріптемей жастарға сапалы және саналы білім беру мүмкін емес.

Ендеше жастарымызды Отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында халықымыздың тарихи құндылықтарын дәріптеу және пайдаланғанымыз абзал болар еді.

Қазір біз 21 ғасыр тоғысында өмір сүріп отырмыз. Жаңа ғасыр адамы іскер, рухани дүниесі бай, білімі мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең, елі мен жерінің қадір-қасиетін түсінетін, өз Отанына шын берілгендік патриоттық рухында тәрбиеленуі тиіс. Сондықтан да біз еліміздің болашақ азаматтарын білімділікке, Отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеп, баули білуіміз керек.

Әдебиеттер:

- 1.Н.Р. Рамашов, А.Н. Иманбетов. Әскери патриоттық тәрбие негіздері: Оқу әдістемелік құралы.-Қарағанды: «Арқо», 2013.-26-34 б.
2. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті // Қазақстан орта мектебі.-2011.-№9.-16-23 бет
3. Патриоттар тәрбиелеу – міндетіміз // Алғашқы әскери дайындық.- 2012.-№2.-78-89

Сыздықов Т. Н., Карагандинский университет Казпотребсоюза, факультет финансов, логистики и цифровых технологий, гр. УА-22-2, студент
(Научный руководитель - ст. преп. магистр Никамбекова А.Б.)

МЕТОД CASE-STUDY

Абстракт. В данной статье рассматривается использование метода case-study в преподавании английского языка как иностранного. Данная работа включает в себя преимущества использования метода case-study: его способность стимулировать критическое мышление и навыки решения проблем, способствовать сотрудничеству и работе в команде, а также активно вовлекать студентов в процесс обучения. Также упоминаются некоторые недостатки метода case-study. Статья основана на результатах исследования и содержит практические примеры применения метода case-study на уроках английского языка. Она также дает представление о том, как выбрать подходящие тематические исследования и как вести дискуссию по методу case-study. Это ценный ресурс для педагогов и исследователей, заинтересованных в использовании метода case-study в преподавании английского языка. Он дает полное представление о преимуществах и ограничениях метода case-study и предлагает практическое руководство по его применению в классе.

Ключевые слова: метод case-study, преподавание английского языка, критическое мышление, задачи на решение проблем, сотрудничество, работа в команде, активное обучение, стили обучения, сценарии реального мира, внедрение метода case-study.